

Ақсу қаласының білім беру мекемелерінің оқушылары мен тәрбиеленушілерінің кейбір санаттарына 2011 жылы қалалық қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдетілген жол жүру құқығын беру туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Ақсу қалалық мәслихатының 2011 жылғы 25 наурыздағы N 284/33 шешімі. Павлодар облысы Ақсу қаласының Әділет басқармасында 2011 жылғы 12 сәуірде N 12-2-172 тіркелді. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Ақсу қалалық мәслихатының 2014 жылғы 11 наурыздағы N 1-11/43 хатымен)

Ескерту. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Ақсу қалалық мәслихатының 11.03.2014 N 1-11/43 хатымен).

Қазақстан Республикасының 2001 жылдың 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6-бабының 1 тармағы 2) тармақшасы және 47-бабының 4 тармағы 1) тармақшасы негізінде, қалалық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Ақсу қаласының жалпы білім беру мектептерінің, арнайы түзеу мектеп-интернатының оқушылары мен тәрбиеленушілерінің мынадай с а н а т т а р ы н а :

- 1) аз қамтамасыз етілген отбасыларының балаларына;
- 2) көп балалы отбасыларының балаларына;
- 3) мүгедек балаларға;
- 4) қамқорлықта (қорғаншылықта) және патронатта тұрған балаларға қалалық қоғамдық көлікте (таксиден басқа) тегін жол жүру жеңілдігі, қосымшаға сәйкес, б е р і л с і н .

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың жоспар және бюджет жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

қалалық мәслихаттың хатшысы	С е с с и я т ө р а ғ а с ы ,
А қ с у қ а л а л ы қ	М. Омарғалиев
2 0 1 1 ж ы л ғы 2 5	м ә с л и х а т ы н ы ң
	н а у р ы з д а ғы

**Ақсу қаласында қалалық қоғамдық көлікте
(таксиден басқа) жеңілдетілген жол жүру
құқығы берілген балалардың тізімі**

N	Балалар санаттарының атауы	Черемушки, Беловка және Ақсу кенттеріне бару үшін жеңілдетілген (тегін) жол жүруді қажет ететін балалар саны
1	Аз қамтамасыз етілген отбасыларының балалары	25
2	Көп балалы отбасыларының балалары	2
3	Мүгедек балалар	1
4	Қамқорлықта (қорғаншылықта) және патронатта тұрған балалар	3
5	Ақсу кентінің N 3 арнайы түзеу мектеп-интернатының тәрбиеленушілері	43
	Барлығы	74